


Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні № 10 (504) 17 маусым 2021 жыл



А Қ П А Р А Т Т А Р А Ғ Ы Н Ы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінен» (АРТА) 2021 жылдың 11-13 мамыр аралығында 8 білім беру бағдарламалары мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті. АРТА аккредиттеу агенттігі білім беру бағдарламаларының сапасына сараптама жүргізе отырып, аккредиттеу барысында олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін растады. 2021 жылдың 27-мамырында Астана қаласында өткен агенттіктің Аккредиттеу Кеңесі университеттің 8 білім беру бағдарламасын 5 жылға аккредиттеу туралы оң шешім қабылдады. Университет осы жетістікке өз үлесін қосқан әріптестерге, оқу ордамыздың ұжымына шексіз алғысын білдіреді.

Елімізде жыл сайын маусым айының үшінші жексенбісінде медицина қызметкерлері күні аталып өтеді. Ақ халатты абзал жандардың мерекесі оқу ордамызда да аталып өтті.

Бұл күні әрбір адам дәрігерлерге деген ерекше ықыластарын жасырмай, өз алғыс тілектерін білдіреді. Дәрігер – әлемдегі ең қасиетті мамандықтардың бірі. Олардың ерен еңбектері құрметке лайықты.

Медицина қызметкерлерінің мерекесі қарсаңында ректор өкілі Женгиз Томар университетке қарасты клиника-диагностикалық орталықтың медицина қызметкерлерін университет басшылығы атынан құттықтады. Ректор өкілі медицина саласында атқарылған жұмыстарды атай келе, адам жанының арашашысы дәрігерлерге адалдық, отбасыларына бақыт, түбі бір түркі жұртына бірлік тіледі.

Осы айтулы күні Клиника-диагностикалық орталық қызметкерлері медицина саласында атқарған еңбектері үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Медицина қызметкерлерінің күнін атап өту Кеңес Одағы тұсында 1980 жылғы 1 қазаннан бастап енгізілді. Кеңес Одағы құлағаннан соң кейбір елдер бұл мерекені атап өтпейтін болды, кейбірі күнін басқа уақытқа ауыстырды. Тек, Ресей, Қазақстан, Беларусь және Украинада бұл мерекені әр жыл сайын маусым айының үшінші жексенбісінде атап өтіп келеді.

Жақында еліміздің Щучинск қаласында ересектер арасында гір тасын көтеру спортынан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Бұл біріншілік Венгрия мемлекетінде өтетін әлем чемпионатына іріктеу мақсатында өткізілді. Байрақты бәсекеде жалпы 7 салмақ дәрежесінде 130-дан астам спортшы бақ сынаса, оқу ордамыздың атынан 2 студент қатысты. Аталмыш сында 2 спортшы-студентіміз де жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсақ, Ахмет Ерболат (95 кг) 2 – орын, ал Рысбек Ердос (63 кг) 3 – орынды иемденді.

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖОҒАРЫ БІЛІМ КЕҢІСТІГІ: Өңірлік ынтымақтастық, ұлттық реформалар» атты конференциясы өтуде

Бүгін, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Орталық Азия жоғары білім кеңістігі: өңірлік ынтымақтастық, ұлттық реформалар» атты Орталық Азия елдерінің білім министрлерінің конференциясы өз жұмысын бастады.

Қатысушылар: Білім министрліктерінің, Орталық Азия университеттерінің және халықаралық ұйымдардың өкілдері. Бұл шара жалпы Орта Азия мемлекеттерінің жоғары білім беру саласының ынтымақтастығын арттырып, өзара байланысты нығайтуға бағытталған. Эпидемиологиялық ахуалға байланысты конференцияға Тәжікстан мен Түркіменстан елдерінің делегаттары онлайн түрде қатысты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Жүнісұлы Тойбаев модераторлық етті. Халықаралық ұйымдардың өкілдері –Еуропалық сапа кепілдігі агенттіктерінің тізілімінің директоры (EQAR) – Колин Так, Академиялық ұтқырлық және эквиваленттік ақпарат орталығының директоры (CIMEA) –

Лука Лантеро, Еуропалық университеттер қауымдастығының президенті (EUA) -Майкл Мерфи, Академиялық ақпарат орталығының директоры (Латвия) – Байба Рамина, Еуропалық студенттер одағының (ESU) президенті – Мартина Дарманиндер конференцияға қатысушыларды бейнекөрініс арқылы құттықтады.

Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Түркіменстан Республикаларының Білім және ғылым министрлігінің өкілдері өз елдерінің білім саласындағы атқарылып жатқан және алдағы жоспарларымен таныстырды.

Айтулы шараның екінші бөлігінде Орта Азия елдерінің Білім және ғылым министрлігі өкілдерінің қатысуымен Түркістан Декларациясы талқыланды. Сонымен қатар конференция төмендегідей тақырыптық сессиялар бойынша жұмысын жалғастырды;

1. Орталық Азия университеттерінің альянсы
2. Білім беру сапасын қамтамасыз етудің Орталық Азия желісі (TSASOKO)
3. Орталық Азия студенттерінің альянсы
4. Біліктілікті және білім туралы құжаттарды тану жөніндегі ұйымдардың қауымдастығы



РЕКТОР ШЕТЕЛДЕ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРГЕН ҒАЛЫМДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Таяуда университетімізде шетелдерде (түркиялық түлектер, Болашақ бағдарламасы) білім алып келген түлектермен кездесу өтті.

Басқосуға оқу орда басшысы Жанар Темірбекова, ректор өкілі Женгиз Томар, проректорлар Эльмира Идирисова, Асқар Тұрғанбаев, Шолпан Есимова және түркиялық түлектер мен Болашақ бағдарламасының түлектері қатысты. Кездесу барысында университеттегі білім сапасын көтеру жайы кеңінен талқыға салынды. Кездесу аясында оқытушы-профессорлар басшылыққа көкейлеріндегі сауалдарын жолдап, тұщымды жауаптарын алды. Айта кетейік қазіргі таңда

университетімізде магистратура бағдарламасы бойынша – 11, докторантура бағдарламасы бойынша – 36 түлек қызмет атқаруда. Біліктілік жетілдіру курсынан 29 маман өтіп келген. Университетімізде білімгерлердің сапалы білім алып, білікті мамандар қатарын толықтыру үшін барлық жағдай жасалған.

Жастардың шетелде білім алып, өзге мемлекетте тәжірибе жинақтағаны қуантарлық жағдай. Шетелдерде білімін жетілдірген оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер университеттің білім деңгейін көтеруге атсалысуға ниетті екендіктерін жеткізді. Алдағы уақытта басшылықтың қатысуымен осындай жиындар өткізілетін болады.

УНИВЕРСИАДА

ХІ ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен өткен ХІ жазғы Универсиада ойындары өз мәресіне жетті.

40 күнге созылған ХІ жазғы Универсиаданың жеңімпаздары анықталып, қорытындылайтын жабылу салтанатына ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры Тастанбек Есентаев және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек, университет ректоры Жанар Темірбекова, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ұлан Тәжібаев пен ЖОО спортшылары мен ұстаздары қатысты.

Универсиаданың мақсаты өскелең ұрпаққа сапалы білім беру бағытында ақыл ойы зерек, дүниетанымы кең, салауатты ұрпақ қалыптастыру. Универсиада арқылы бұқаралық спортты дамыту. Жастардың дамуы мен қалыптасуында білім, мәдениет, спорт тәрбиесінің алар орны зор. Ал студенттік спорт бойынша маңызды жобалардың бірі – Универсиада жарыстарына жоғары оқу орындарының қатысуы мәселесі мен сайыстың бұқаралық сипатта дамуы өзекті болып табылады.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ұлан Қалқаманұлы Тәжібаев және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек құттықтау сөз сөйлеп, салтанатты жиынды ашып берді.

Универсиаданың бас ұйымдастырушысы ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры Тастанбек Есентаев Универсиаданың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан Түркістан облысының әкімі Ө.Е.Шөкеевке, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Ж.А.Темірбекова мен университет ұжымына алғысын білдіріп, барлық қатысушы спортшы-жастарды құттықтай отырып, 2022 жылы Қытай Халық Республикасының Чэнду қаласында өтетін Бүкіләлемдік 31-ші Жазғы Универсиада-сында өнер көрсететін студенттерге сәттілік тіледі.

Студенттер олимпиадасына 60 жоғары оқу орны 30 спорт түрінен 37 жарысқа қатысты. Универсиада аясындағы жарыстар Нұр-Сұлтан, Алматы, Түркістан, Тараз, Қостанай, Өскемен қалаларында өтті.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Асхат Қанатұлы Аймағанбетовтың “Алғыс хатымен” Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ұлан Қалқаманұлы Тәжібаев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Амангелдіқызы Темірбекова, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің I вице президенті, ректор өкілі Женгиз Томар, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Дене шынықтыру кафедрасының меңгерушісі Мухиддинов Ергали Мухиддинұлы марапатталды.

Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының “Алғыс хатымен” студент-спортшыларды баптап, бәйгеге қосқан жаттықтырушылар мен университет қызметкерлері марапатталды.

Жалпы командалық есеп бойынша:

I орын – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

II орын – Қ.А Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

III орын – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті



ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

IV орын – М.Х Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
V орын – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
VI орын – Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

Биылғы Жеңімпаздар 2022 жылы Қытай Халық Республикасының Чэнду қаласында өтетін Бүкіләлемдік 31-ші Жазғы Универсиадасын-



да ел намысын қорғайтын болады. Кеш соңында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік

Еркебұлан ӨМІРХАНҰЛЫ, спорт клуб төрағасы:

«БІЗ ҮШІН БҰЛ ҮЛКЕН ЖЕҢІС»

Оқу ордамызда ағымдағы жылдың 3 мамыр – 9 маусым аралығында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған Қазақстан Республикасының XI жазғы Универсиадасы өтті. 30 спорт түрінен өткен 37 жарыста еліміздің түкпір-түкпірінен келген 60 университеттің студенттері бақтарын сынады.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары арасындағы XI Универсиаданың жарыстарының 13 спорт түрі бізде өтті. Жалпы командалық есеп бойынша 1-ші орынды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2-ші орынды Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті иемденсе, ал 3-ші орынды Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жеңіп алды.



«Басшылық, бүкіл университет ұжымы жеңісімізбен құттықтап жатыр. Бұл жеңіс біз үшін үлкен жетістік. Шынын айту керек барлығымыз қатты қуанып жатырмыз. Құдай қаласа, келесі XII жазғы Универсиада 2023 жылы Ақтау қаласында өтеді. Сол жақта биік шыңдарға шығып, бірінші орын алуға тырысамыз. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мықты,

университетінің ұйымдастырушылары Ш. Есенов атындағы Каспий



технологиялар және инжиниринг университетіне Универсиада туын табыстады.

XI жазғы Универсиада ойындарының жабылу салтанаты Түркістан телеарнасынан және Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің youtube каналдарынан тікелей эфирден көрсетілді.

басқа командаларды салыстыруға келмейді. Олар үнемі 1-ші орын алады. Осы XI жазғы универсиада да олар 11 спорт түрінен бірінші орын алған. Әлі ешкім ұта алмай келе жатыр. Олардың 25 мыңдай студенті болса, бізде 10 мың студент бар. Оған қоса, олардың базасы үлкен. Барлығы 37 спорт түрі болса, олар барлығына қатысты. Мысалы, біз Халықаралық қазақ-түрік университеті 25 спорт түріне қатыстық. ҚазҰУ-дың базасы жақсы, оның үстіне спортшылар да үлкен қала болғандықтан сол жаққа шоғырланған. Біз үшін 2-ші орын да жаман емес. Біздің университеттің тарихында 30 жылдан бері қарай алғаш рет 2-ші орын иемденіп, жоғары көрсеткіш көрсеттік - деді спорт клуб төрағасы Еркебұлан Өмірханұлы.

Биылғы жеңімпаздар 2022 жылы Қытай Халық Республикасының Чэнду қаласында өтетін Бүкіләлемдік 31-ші Жазғы Универсиадасында ел намысын қорғайтын болады. Осы алдағы байрақты бәсекеде спортшы-студенттерімізден үлкен үміт күтеміз.

Гүлжан Ниязова, Шолпан Сейнасіпова
1-курс студенттері



КӘСІБИ БАҒДАР

ФИЗИКА КАФЕДРАСЫНЫҢ АЙМАҚ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЗОР

Салтанат Сапарова



«Физика және информатика» пәнінің мұғалімі мамандығын 2005 жылы бітірген алғашқы түлектердің бірі. Қазіргі таңда Түркістан қаласы Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназиясының директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, физика магистранты. Сапарова Салтанат – өз жұмысына адал, жауапкершілігі мол жетекші. Ол мұғалімдер мен

оқушылар, ата-аналар алдында зор құрметке ие болып жүрген, адамгершілігі мол, мінезі ашық, жас мамандарға көмектесіп білімін үнемі жетілдіріп отыратын, білім мен тәрбиені ұштастырған тәжірибелі ұстаз.

Гулчехра Раимова



«Физика және информатика» мамандығының 2005 жылғы түлегі. 2006 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Көктөбе ауылының N89 негізгі мектебінің физика пәні мұғалімі болып қабылданды.

2007 жылы аталған мектеп директорының «Кәсіптік бағдар беру» жөніндегі орынбасарлық лауазымына тағайындалды. Ізденімпаз, жаңашыл ұстаз.

Серік Жармуханбетов



«Физика және информатика» мамандығының 2006 жылғы түлегі. Қазіргі таңда Шымкент қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының физика пәні мұғалім-модераторы, физика магистранты. НЗМ-де қызмет ету барысында ол өзін білікті маман және тәжірибелі мұғалім ретінде көрсетуде

Аттестациядан өтуші қызметкерлерді қолдау және әдістемелік көмек көрсету бойынша тренер. Орта мектепке арналған сабақ жоспарларының жиынтығын (2019) және Bilim Land онлайн сабақтар топтамасын құрастырушы (2020). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Айгерім Ратова



«Физика және информатика» пәнінің мұғалімі мамандығын 2006 жылы үздік дипломмен бітірген түлек. Түркістан жоғары көпсалалы қолөнер колледжінде физика және информатика пәндерінің оқытушысы қызметін атқаруда.

«Білім шыңы – ғылым сыры» педагогтар мен оқушыларға арналған Республикалық журналының «Оқу мен

тәрбие ісінің үздігі» медалімен марапатталды. «Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және «Qazaq bilimi» Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналы ұйымдастырған «Үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурсының «Үздік сабақ» номинациясы бойынша 2-орынды алғаны үшін 2-дәрежелі дипломмен марапатталған ізденімпаз ұстаз.

Абжаппар Акимбаев



«Физика және информатика» пәнінің мұғалімі мамандығын 2006 жылы бітірген түлек. Қазіргі таңда Түркістан жоғары көпсалалы қолөнер колледжінде арнайы пәндер оқытушысы қызметінде. 2017 ж. Республикалық «Үздік педагог - 2017» байқауына қатысып, «Ізденімпаз педагог» номинациясымен марапатталды. 2019 ж. «Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналы ұйымдастырған «Үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурсының «Үздік сабақ» номинациясы бойынша 1-орынды алғаны үшін 1-дәрежелі дипломмен марапатталды.

КАФЕДРА ТЫНЫСЫ

2004 жылы наурыздың 1-ші жұлдызынан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімімен және президентінің бұйрығымен «Физика» кафедрасы ашылды.

Кафедра меңгеруші қызметіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ф.-м.ғ.д., профессор А.Н. Бахтибаев тағайындалды.

2004-2013 жылдар аралығында А.Н. Бахтибаев «Физика» кафедрасын басқарған уақытта жас кадрларды даярлауға өте үлкен мән берді. «Жастар - біздің болашағымыз» - дей отырып, студенттердің білім мен тәрбие алуына барынша қолайлы жағдай жасады. Студенттеріміздің бакалавр дәрежесін алған соң білімін жалғастыру үшін «7M01506-Физика педагогтерін даярлау», «7M05325-Физика» магистратура және «8D01503-Физика педагогтерін даярлау» докторантура мамандықтарын ашты. «Физика» кафедрасының зертханалары құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін, білікті мамандар даярлауда кафедра ұжымымен бірлестікте қызмет атқаруды шебер ұйымдастыра білді.

2013-2020 жылдар аралығында кафедрамызды ф.-м.ғ.д., доцент Т.А.Тұрмамбеков басқарды. Т.А.Тұрмамбеков студенттерге сапалы білім беру, оқу жоспарларына жаңа пәндер енгізу, мамандықтарымызды түлектерге таныстыруда жетістіктерге жетті. Физика мамандығын таңдаушы түлектер саны артып, грант иегерлері жан-жақтан келе бастады. Магистратура мен докторантураға түсушілер саны артты. 2020-2021 оқу жылының қаңтар айынан бастап қыркүйек айына дейін Физика кафедрасының меңгерушісі міндетін уақытша атқарушы кафедрамыздың PhD, доценті, 1 жыл АҚШ-тың Техас университетінде қызмет атқарып келген түлегіміз Ш.Р.Құрбанбеков атқарды. Қазіргі таңда кафедра меңгерушісі – PhD, аға оқытушы Б.Ж.Сейтов.

2020-2021 оқу жылында №719 бұйрық бойынша тексеру барысында өзінің ұйымдастырушылығы мен білгірлігін көрсете білді. Қазіргі қоғамның сұранысы мен құндылығы адами капитал дейтін болсақ, кафедра ұжымы студенттерімізді бәсекеге қабілетті, XXI ғасыр дағдыларын бойына жинаған, құзыретті тұлғалар ретінде даярлауға күш салуда. Қазіргі таңда кафедрамыздың өзінде білім алған түлектер қызмет атқаруда, олар: PhD, доцент Ш.Р.Құрбанбеков; PhD, доцент м.а. Ш.Ж.Раманқұлов; магистр оқытушылар – Н.Ә.Шектібаев, А.С.Мыңтасова, А.Ж.Батырбекова, зертхана лаборанты – Ж.П.Ботбаева.

Физика кафедрасы- университетіміздегі ірі факультеттердің бірі. Факультетте маман даярлау ісі қарқынды дамып келеді. Қазіргі таңда факультет түлектері еліміздің әр саласында белді қызметтер атқарып жүр.

Осы уақытқа дейінгі түлектеріміз мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу орталықтарында, бизнесте, басқа да жекелеген салаларда қызмет атқаруда. Осыны ескере отырып, аймақтың, еліміздің дамуына кафедрамыздың қосып отырған үлесі ұшан теңіз екендігін сеніммен айта аламыз. Ол үшін бірнеше түлегіміздің өмір жолын алдарыңызға ұсынуды жөн санадық.

Қазіргі таңда «Физика» кафедрасында 286 білім алушы, оның ішінде 8 докторант, 20 магистрант білім алууда.

Ақнұр БАТЫРБЕКОВА,
Физика кафедрасының магистр оқытушысы

Дилшад Раджанов

«Физика» кафедрасының 2002-2006 жылдары білім алған түлегі; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистрі; Назарбаев Университетінде Professional Development Program (PDP);

Халықаралық дәрежедегі мұғалім; 2010-2011 жылдар аралығында Дарын мектебінде; 2012-2017 жылдар аралығында Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде;

2017 жылдан бастап, Қытай республикасының, Шэньчжэнь қаласында халықаралық дәрежедегі мектепте, физика пәнінен сабақ беруде; Соңғы 8 жылда физиканы ағылшын тілінде оқытуда.

2017 жылдан бастап, Қытай республикасының, Шэньчжэнь қаласында халықаралық дәрежедегі мектепте, физика пәнінен сабақ беруде; Соңғы 8 жылда физиканы ағылшын тілінде оқытуда.

Дилшод Алимов

«Физика және информатика» мамандығын 2007 жылы бітірген түлек. Ядролық физика мамандығы бойынша (PhD) философия докторы. 2017 жылы ҚР ҰЯО жас ғалымдары мен мамандарының ғылыми зерттеу жұмыстарының байқауына қатысып, жұмыстың өзіндік ерекшелігі үшін сертификатпен және басқада Республикалық марапаттардың иегері.

2017 жылы ҚР ҰЯО жас ғалымдары мен мамандарының ғылыми зерттеу жұмыстарының байқауына қатысып, жұмыстың өзіндік ерекшелігі үшін сертификатпен және басқада Республикалық марапаттардың иегері.

Мардан Бакиров

«Физика» пәнінің мұғалімі мамандығын 2013 жылы бітірген түлек. Кентау қаласына қарасты «Шорнақ» орта мектебінің физика пәні мұғалімі, педагог-шебер. Талапкерлерді бірыңғай ұлттық тестілеуге даярлайтын «Физмат» дайындық орталығының директоры. Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі педагогикалық еңбегі үшін «Ыбырай Алтынсарин медалімен» марапатталған жаңашыл, ізденімпаз ұстаз.



ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕ ДІННІҢ ОРНЫ

Қоғам өмірінде елдің ертеңгі болашағы ретінде және ата-бабадан қалған мұраның үздіксіз кейінгі ұрпақтарға жалғасының табуында оны тасымалдаушы басты фактор ретінде жастардың орнының ерекше екендігі даусыз. Демек бұл жастар тәрбиесінің өте маңызды екендігін көрсетеді. Ал енді жастар тәрбиесінде олардың тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуында көптеген маңызды факторлар қызмет атқарады. Себебі, тұлғалық ерекшеліктерде тұлғаны қалыптастыруда басты рөл атқаратын құндылықтар мен қайнар көздер анықтаушы факторларға айналады. Тұлғаның құрылымдық және дамытушылық факторлары әлеуметтік тәжірибеден туындайды және осылардан ерекше өмір салтын анықтайды. Адам өзінің ішкі әлемінде болып жатқан рухани оқиғалармен қатар сыртқы әлемдегі оқиғаларды да бастан кешіреді. Себебі, адам бұл дүниеде жалғыз емес, басқалармен бірге өмір сүретіні

адамның ақысы да Ислам діні үшін аса маңызды болып табылатындығын осыдан байқауға болады. Біздің ойымызша, адамдар тұтастай ұстанатын мінез-құлық заңдылықтарын ұстану үшін тұлға анықтамасынан асып, оның құрылымына, сипаттамаларына және даму жолына түсу керек. Тұлға табиғатта уақыт бойынша сәйкес келеді және оны көбінесе организммен немесе адамға тән бір сәттік немесе қысқа мерзімді сипаттамамен сипатталатын күймен салыстырады. Тұлғалық қасиет дегеніміз - тұрақты, үйреншікті және қайталанатын мінез-құлық жиынтығы. Осы қасиеттердің сақталуында және жалғасын табуында діннің ролі ерекше. Адам сөзсіз әлеуметтік тіршілік иесі. Әлеуметтік болмыс болу оның жаратылуынан туындайтын қажеттілік. Жеке тұлға қоғаммен интеграцияланады, қоғаммен біртұтас болмыс ретінде қалыптасады. Қоғам тұлға құрылымындағы

өту керек ең маңызды мәселе - индивидтің өзін жасөспірім кезінде және одан тыс уақытта өмір сүретін ортамен талдауға және тануға тырысуы. Жеке тұлғаның сыртқы ортасын құрайтын факторлардың барлығы белгілі бір уақыт кезеңінде және белгілі бір мінез-құлық жазықтығында ұқсас сипаттамаларға ие. Тұлғаның қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі - мәдениет. Адамның табиғатын толық сезіну үшін әрбір жаңа туған нәрестені әлеуметтендіру қажет. Әлеуметтену әлеуметтік дәстүрді кездестіруді қажет етеді. Бұл индивидтер үшін өздерін дүниеге келген өткен күндерінен босата алмайды. Сондықтан, жаңа нәрсе ұсыну үшін әрқашан алдымен оның бойында қалыптасқан дәстүрді түсініп, қажет болған жағдайда онымен үндесе білуі қажет. Дін - адамзат тарихындағы ежелгі діни құбылыстардың бірі. Сонымен, дін философиядан ежелгі. Дін де моральдан ескі. Демек,

ол, әрине, мәдениеттен де көне. Мәселенің негізінде дін мәдениеттің және өркениеттің өзін қамтиды. Джек Мартен айтқандай, «шынайы дін адамның, әлеуметтік, өркениеттік немесе мәдениеттілікке негізделмейді, оны Құдай ашады. Шынайы дін - әрбір өркениет пен мәдениеттің жоғарғы жаратушысы және сақтаушысы. Шынайы дін жалпыға бірдей». Бұл жағдайда діннің типтік жалпы мағынасындағы мағынасы біртұтастықты, табиғатқа, адамгершілікке және табиғаттан тысқары өмірге бейімділікті зерттеуді қамтиды. Дін - адамгершілікті насихаттайтын және қасиетті зерттеуді күшейтетін ілімдер мен анекдоттармен келісімшарт бойынша құрылған сенім жүйесі болып табылады. Діндер адамнан асып түсетін және адам кіретін кеңірек шындықтарға нұсқайтын авторитарлық рухани дәстүрлерден бастау алады. Ислам діні адамдарға ғибадат етудің нышаны ретінде де, рухани тазару үшін де ғибадат етуді бұйырды. Сонымен қатар діни білім беру жүйесі арқылы ғибадат етудің жолын үйретеді. Бұл діни білім беру жүйесі құндылықтарға негізделген және құндылықтарға баса назар аударып, мәселелердің этикалық аспектілерін ескеруі керек. Ол мінез бен адамгершілікті дамытудың қуатты құралына айналады. Ғибадат кезінде психологиялық құрылымда болатын түбегейлі өзгерістер тұлғаның энергия берілуіне әкеледі. Себебі ғибадаттың бірінші мақсаты - сенушілердің рухы мықты және мінезі мықты болу.

Саналы ғибадат жеке тұлғаның ішкі және сыртқы жақтарын дамытуға көмектеседі, діндар адамның шынайылығын ашады. Ғибадаттың пәні мен элементтері адамның жеке басын жақсартатын ерекшеліктерге ие. Ғибадат етуді жалғастыру адамның жеке басын құрайтын шыдамдылық, батылдық, жанашырлық, қайырымдылық сияқты сезімдер мен мінез-құлықтарды нығайтады және дамытады, және қауымда оқылған дұғалар адамның әлеуметтенуінде үлкен рөл атқарады. Осы орайда еліміздегі діни оқу орындары, ҚМДБ-на қарасты мешіттер мен медреселер, дінтану және теология мамандарын дайындайтын оқу орындарының жастар тәрбиесіне айтарлықтай үлкен үлес қосып отырғандығын айта кету керек. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті де 1991 жылдан бастап теология-дінтану мамандарын дайындауға өз үлесін қосып келеді. Бітірген түлектер еліміздегі ЖОО-да, діни сараптама орталықтары мен басқа да салаларда жұмыс атқаруда. Үстіміздегі жылдан бастап Теология факультеті ашылып, дінтанушы ғалымдар жұмылдырылып сапалы біліммен сусындаған дінтанушы және теолог мамандарын даярлау ісі қолға алынатын болады. Осы мүмкіндікті пайдалану үшін еліміздің түкпір-түкпірінен білім алуға ықыласты мектеп бітіруші түлектерді оқу ордамызға шақырамыз.

Дидар ШАУЕНОВ
Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD



ақиқат. Адамның бұл басқалармен байланысы сонымен қатар «жеке тұлға» мен «қауымдастық» арасындағы байланыс ретінде этикалық және заңдық тұрғыдан да құнды байланыс болып табылады. Осы құндылықтардың бар екендігі туралы біле отырып, іс-әрекеттерге және өзіне жеке индивидуалды шындыққа ие болу, сонымен бірге олардың қоғамдастық шеңберінде басқалармен саналы түрде жауап беретіндігін ұғынуы, түйсінуі, оны қабылдауы, бұл құндылықты жеткізуші болып табылатын адамның мәнін көрсетеді. Адамзат мәдениеті негізінде сөзсіз әсер ететін тағы бір құндылық бар, ол да - дін. Өйткені адам әрқашан өзінің болмысынан жоғары күшті, тіпті үлкен құдайлық болмысқа сену қажеттілігін сезініп келген. Бұл жағдай уақыт өте келе мәдени сипатқа ие болды және адам өмірінде орын алды. Себебі дін жеке адамға динамикалық құрылым береді. Діни мақсаттар мен қасиетті жолдар жеке және әлеуметтік діни көріністерді қамтиды. Дінге сонымен қатар басқаларға жақындық, діни бірлестікке мүшелік, әлемдегі бейбітшілік пен әділеттілік сияқты әлеуметтік мақсаттар кіреді. Діндердің ішінде, әсіресе ата-бабаларымыз ұстанған Ислам дінінде мәселелерді үш бағытта қарастырады: Сенім, құлшылық және адамдар арасындағы қарым-қатынас (муамалат). Сенім мен құлшылық құдаймен байланысты үкімдерді қамтыса, «муамалат» - адамдар арасындағы құқықтық, этикалық, моральдық, экономикалық т.с.с. үкімдерді қамтиды. Демек адамдар арасындағы қарым-қатынастар, құлдың ақысы,

көмшіліктерді жойған кезде, ол онымен өзін толықтырады. Осы себепті адам өзі өмір сүретін қоғамнан оқшаулануы мүмкін емес. Себебі жеке тұлға қоғаммен үнемі байланыста болады. Бұл қарым-қатынастар өздерінің қажеттіліктері мен өмірінің неғұрлым теңдестірілген және сәтті өмір деңгейіне үміттерін жүзеге асыра алатын ортаға жетуге бағытталған. Адам қоғамда өмір сүретіндіктен және қоғаммен сөзсіз қарым-қатынаста болғандықтан, бұл қатынастардың сақталуы үшін басқаларды қатесіз тану керек. Табысты өмірдің басты шарттарының бірі - қоршаған ортаны білу. Бұл өзін-өзі тану сияқты маңызды. Діни таным да осы тұста өзіндік қызмет атқарады. Адам дүниеге келе салысымен әлеуметтік-мәдени әсерлер жинақтала бастайды және бұл әсерлер адамды бүкіл өміріне әсер етеді. Бұл әсерлердің кейбіреулері әсіресе жас кезеңдерде, кейбіреулері ерте жаста, ал кейбіреулері жетілу кезінде тиімді болады. Діннің де осы орайда тұлғаның қалыптасуында, оның тәрбиесінде өзіндік орны бар екендігі белгілі. Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін тағы бір маңызды әлеуметтік фактор - бұл мектеп ортасы. Себебі, алты жасқа дейін адам барлық уақытын дерлік үйде, анасының, әкесінің және бауырларының жанында өткізеді. Ол өзінің қиыншылықтарын тыңдайтын, қайғы-қасіретін шешетін, қиыншылықтарды жеңуге көмектесетін және өзін қауіптен қорғайтын адамды табады. Жоғарыда түсіндіруге тырысқан әлеуметтік факторлар тұлғаны қалыптастыруға негіз болады, әсіресе балалық шақта. Төменде атап

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ҚҰМАЙ ТАЗЫ

Күз келді. Қара суық.
Нәсерлетіп жаңбыр құйып тұр...
Алыстан жаңбырдан қашып келе жатқан қыз көрінді.
Жұқа киінген еріндері бір-біріне түйісіп, дір-дір етіп, аяқ киімі балшықтан көрінбей тұр. Үйге асығып жүгіріп келеді. Далада жүгіріп келе жатқан қыздың бар ойы үйге жетіп алу еді. Жан-жағына қарамай ұшып келеді. Қыз үйіне жетті. Жетпес бұрын көшесінде ыңылдап жатқан бір дауысты естіп ұзақ үнсіз тұрып, тыңдап қалды. Бір кезде шөп арасынан іздей бастады. Ыңылдаған дауыс шөптің арасынан кішкентай ғана қораптан шығып жатты. Қыз алды да, аша бастады. Ішінен кішкентай ғана туылғанына екі-ақ күндей болған сүйкімді бір күшік шықты. Қыз қуанды да, күшікті қораппен бірге үйіне кіргізіп, атасынан рұқсат сұрады.

—Ата, мен көшеден кішкентай ғана күшік тауып алдым. Оны үйге кіргізіп, қасыма алып жүрсем бола ма?— деп сұрады қыз.

—Балам, қалауың. Бірақ, бұл күшікке қарау үшін уақыт керек, қамқорлық керек, тамағын уақытылы



беру керек. Сен жақсы қарай аламын десең, қасына алып қал - деді атасы. Қыз қуанып: —Ата, рақмет! Алып қалам, жақсылап өсіремін деді. Бір кезде атасы күшікке қарап тұрды да, бұның иесі қайда екен? Бұл күшік басқа күшіктерге қарағанда басқаша сияқты жүні сирек, көздері көкшілдеу, тұқымы қарапайым күшіктерге ұқсамайды. Енді өскен соң көреміз,- деді.
—Қызым, жақсылап қарап жүр! Пайғамбарымыз (с.а.у) «Әр жанды жануарға жасалған жақсылықта сауап бар» демек, біз әр тіршілікке қамқор болуымыз керек,- деді атасы.
Жарайды ата, ақылыңыз әрқашан есімде болады. Мен бұл күшікті барлық мейірімді тәгіп, өсіремін,- деді қыз жымия қарап...

Арада айлар, жылдар өтті...

Кішкентай ғана күшік дәу итке айналды. Қыз барлық мейіріммен өсірген ит. Атасы айтқандай қарапайым күшік емес, асыл тұқымды Құмай тазы ит болып шықты. Оның жүні сұйық, қара түсті жіңішке ғана, құйрығы қамшы тәрізді, тұмсығы мен көзі көкшіл тазы ит болып өсті. Оның шапшаңдығы желдей жүйрік жылқымен тең болды. Бір күні атасы мен қызы ауылға бармақшы болды. Атасы итті қалдырғысы келіп еді, қызы көнбей:

—Олда бізбен баруға тиіс, жалғыз қалдырмаймын,- деп тұрып алды. Атасы бір нәрсені сезгендей ұзақ ойланп қалды. Итті өзімізбен бірге алып бармаймыз. Айналадағы адамдардан ұят болады деді атасы.

—Жо- жоқ, не болады дейсіз? Жәй ғана ит қой!—деп тұрып алды қыз. Атасы қызының көңілі үшін итті өздерімен бірге алып кетті. Ауылға жетті. Көліктен итті түсірді. Бір кезде ауыл балалары:

—Түлкі. Өне, түлкіні көрдіңдер ме? Қырдың үстінде кетіп барады,- деп жатқанда, қыздың қолындағы тазы ит жұлқынды да, қыздың қолынан босап кетті. Тазы иттің көзі қырағы, жылдамдығы шапшаң болғандығы сонша, жаңағы дөң басынан көрінген түлкіні қуып жетіп, мойнынан тістеп ауылға әкелді. Ауыл адамдары оған таң қалып оның бірден Құмай тазы екенін білді. Атасы қызына «Текті ит- тектілігін жасайды», «Ат жақсысы —бозы, ит жақсысы-тазы»- деді де, үнсіз қалды... Бір кезде ауыл адамдары жиналып келіп, қызы мен атасынан сұрай бастады:—Қайдан алдыңдар? Тазы ит па? Асыл текті ит қой иә?— деп сұрақтың астына алды. Арасында ақсақал сатасы ба? Сатыңызшы! дегендер шықты. Сонда атасы:

—Бұл асыл текті Құмай тазы -бұл сатылмайды. Бұл тазының иесі қызым. Оны ол бар ықыласымен кішкентай күшік кезінен бастап өсірді. Мен оны қалай беремін деді.
Таңертең қыңсылап жатқан дауыс естілді. Қыз орнынан атып тұрып, итті іздей бастады. Ит орнында жоқ екен. Қыз сыртқа шығып даусын қатты шығарып:—Көкдауыл, Көкдауыл, - деп айқайлай бастады. Жаңағы дауыс қатты шығып еді, қыз қораға қарай жүгіріп барды. Барса тазы иттің аяғы қанап жатыр екен. Не болды? Көкдауыл - деп қыз итпен бірге жылай бастады. Ауыл адамдары да келді, байқұс жануарға не болған? Кім жаралаған? деген дауыстар естіліп жатты. Қыз иттің аяғына қарап жылап отыр. Атасы дәрігер шақырды. Дәрігер атасының құлағына сыбырлап, тазының өмір сүруіне аз қалған айтты. Атасының іші қанша қынжылса да, қызына тез жазылып кететіндігін жеткізді. Қыз іштей сезді ме?
—Ата, Көкдауылды үйге алып қайтайықшы деді. Атасы келісті. Ауылдан енді кетіп бара жатқанында үш бала көлікті тоқтатып:

—Ақсақал, бізді кешіріңіз! Құмай тазыңызды біз қызықтап, аңшылыққа алып кетіп едік. Бір кезде ол көнбей жүрмеген соң, ұра бастадық. Ол бізден қорқып, қаша жөнелді. Қашқан бойда жүгіріп қасқырдың қақпанына түсіп аяғын жаралап алды, ауылға әкелем дегенше аяғының қаны тоқтамай қойды. Біз қорыққанымыздан тазыны қораға қойып кеттік. Жаңа дәрігердің сөзін естіп қатты қынжылдық, ақсақал кешіре алсаңыз, кешіріңізші! Басқасын әкеп береміз, тек бізді кешірсеніз болды,- деді үш жігіт. Қыз айқайлап жылай бастады. Оған қосылып итте ыңырығанын қойып, көзін бір ашып, бір жұмып жатыр. Кішкентайынан баққан қыздың тазы иті көз алдында өліп бара жатты....

Қорыта айтқанда, «Ат жақсысы-бозы, Ит жақсысы-тазы». Жануарларға да жанашырлық таныту және жақсылық жасау керек. Құранда, сүйікті пайғамбарымыз: «Мейірімді болмай тұрып иманды бола алмайсыңдар» деген кезде сол жерде отырғандар: «Иа, Расулаллах, бәріміз мейірімдіміз» дейді. Сонда «Тек адамдарға ғана емес, бүкіл махлұқтарға мейірімді болу керек» деген екен. Демек барша жаратылған жануарларға мейірімділік пен рақымдылық жасау, олардың мұқтаждықтарына ортақтасу әрбіріміздің басты міндетіміз деп ойлаймын.

Ләззат ЕГЕУБАЕВА,
4-курс студенті

КІТАП ПЕН КІТАПХАНАҒА
БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗЫҚТЫ
ДЕРЕКТЕР

Кітап адамның сенімді серігі, ажырамас досы. Кітап оқыған адамды рухани байытады, кемелдендіреді, өмірдің мәнін ұғындырады. «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деп бекер айтпаған. Олай болса, назарларыңызға кітап пен кітапханаға байланысты қызықты деректерді ұсынамыз.

• Финляндияда «Скепсис» деген қоғам бар. Оның мүшелері әр жылдың аяғында бас қосып, ақылдаса отырып, жылдың ең нашар кітабына «Құрмет грамотасын» беретін көрінеді.

• Бұрынғы батыс Германияда шығып тұратын «Конкрет» атты журналдың жылдың ең жаман шығармасына, яки ең дарынсыз авторына беріп тұратын сыйлығы бар екен. Оны алған адам бұдан былай қарай мұндай кітап жазбауға және осы сыйлыққа келген ақшаға басқа бір мамандық алам деп уәде беруге тиіс екен.

• Шри-Ланкада археологиялық қазба жұмыстарымен шұғылданған Америка ғалымдары әр парағы таза алтыннан дайындалған ғажап бір кітап тауып алыпты. Онда көне Үндістанның белгілі бір дастаны басылған дейді.

• Францияның Нанта қаласында тұратын бір дәрігер-фармацевт отыз бес жыл бойына әр елдің гимндерін жинаумен шұғылданыпты. Франс Пресс агенттігінің хабарлауына қарағанда оның коллекциясы бүгінде жүз елудің үстіне шығыпты.

• Бұдан дәл он жыл бұрын (2004 ж.) Сирия ғалымдары басқа ағайындас әріптестермен бірге отырып, «Бүкіл арабтық энциклопедия» шығаруға кіріскен. Бұл жиырма томдық үлкен еңбектің әрқайсысы мың беттен тұрады.

• Францияда небары сегіз сағат ішінде бір өлеңдер жинағын басып шығарған. Таңғы сағат тоғызда қолжазбасын әкеліп тапсырған автор кешкі сағат бес-те жырқұмарларға қолтаңба үлестіре бастаған.

• Біздің жыл санауымыздан бұрынғы үшінші ғасырдың басында тұрғызылып, жаңаша жыл санаудың басында римдіктердің шабуылы кезінде өртенген дүниенің сегізінші ғажабы – Александр кітапханасы қалпына келтірілді. Кезінде теңдесі жоқ бұл кітапханада мыңдаған папирус оралымдары болған.

• Франция президенті болған Франсуа Миттеранның артында қалған өлмес еңбегі – Парижде салынған еш жерде, еш елде болмаған теңдесі жоқ супер кітапхана. Ол осы өткен жиырмамыншы ғасырдың ғылыми-техникалық жаңалықтарының ұлы жемісі.

А.Құрманбаеваның «Баспа өнімдерін дайындау технологиясы» оқу құралынан алынды.

Гүлжан НИЯЗОВА
1-курс студенті

АДАМГЕРШІЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ

Адамгершілік – адам бойындағы аса маңызды құндылықтардың бірі. Адамның адамшылығы – оның жоғары қасиеті. Адамгершілік деген кең ұғым. Адам бойындағы мейірімділік, сабырлылық, кішіпейілдік, жауапкершіліктің молдығы, ақыл мен қамқоршылдық өмірімізді жақсарттады, адамдарды қуанышқа бөлейді, қиналған жанның жүрегіне нұрлы үміт сыйлап, көмектесе алу – адамгершіліктің жемісі. Абай атамыз айтпақшы, «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады». Мен осы орайда, өзімді адами ізгілікке тәрбиелеген ата-анама, жақсы білім-тәрбие берген ұстаздарыма, жандары нұрлы, елгезек достарыма алғыс білдіремін. Адамға жақсылық жасай алу, қайырымдылық деген қандай керемет қасиет еді. Еліміз, жерімізде, бүкіл әлемде дәл қазіргідей ауыр жағдай орын алып жатқанда ең болмаса адамдар бір-бірімізден жылы сөзімізді аямай, мейірімнен ажырасамақ деймін. Өкінішке орай, әлеуметтік желіге түрлі жағымсыз ақпаратты, жасалған қатігездікті жариялап, біреудің намысына тигенді жетістіктей көретін жарандар бар. Өзара ұрысып, небір былапыт сөздерді ақтарып отыратындарды да байқап жүрміз. Асыл дінімізде жақсы сөз сөйлей алмасаң, ең болмаса үндемей отырғанның өз жөн екендігі айтылады. Кісінің кемшілігін көрсе, мұқтаждығын көрсе демеп, қол үшін соза білу – адамгершіліктің биік көрінісі. Дос қыздарыммен сырласқанда бір-біріміздің мінімізді бетке айтып, қателіктерді дер кезінде түзетіп, болдырмауға тырысамыз. Мұның өзін адамгершілік деп білемін. Адал еңбек етіп, адамдықтың ақ туын жоғары ұстап, жамандықтан алыс жүрсек – мәнді өмір сүргеніміз емес пе?!

Әр уақытта байыптылық керім іс, Адамгершілік сапалы қыр сеніңіз. Абай айтқан бес асыл керегі. Жаныңызға рахаттана теріңіз... – демекші, жақсы өмір сүре алу, адамшылық қасиеттен алыстамай, өмірді жақсартта алу, адамдарға қуаныш сыйлай алу – өміріміздің негізгі мағынасы деп түсінемін.

Зағипа ӘБЕН,
1-курс студенті

7 САНЫН НЕЛІКТЕН КИЕЛІ ДЕП САНАЙДЫ?

Дана халқымыз ежелден-ақ жеті санын киелі деп есептеген. 7 ата, 7 жұт, 7 жоқ, 7 қазына, 7 жетім, 7 ғашық, Әлемнің 7 кереметі, өлімге себепкер болатын 7 күнә, аптаның 7 күні, 7 амал, Жетіқарақшы мен Жеті жарғы, 7 нота, Түркістандағы тайқазанның 7 түрлі металдан жасалғандығы, бейсенбі, жұма күндері 7 шөлпек таратуы ата-бабаларымыздың сонау ықылым заманнан бері 7 санын қасиетті деп санауына негіз бола алады. Аталмыш 7 санына байланысты интернетте кездеспейтін тың деректерді ұсынамыз. Жеті мүше: бірінші нұсқа – бас, екі көз, екі қол, екі аяқ. Екінші нұсқа – бас, екі қол, екі аяқ, кеуде, ағза. Ер жігіттің жеті қасиеті: қаны – атта, қуаты – қыранда, сенімі – тазыда, сұсы – кездікте, серті – қақпанда, оты – мылтықта, әдіс-айласы – ау-жылымда. Наурыз дастарханына қойылатын жетеу: қасиетті құран, шам, құрма, өрік, мейіз, жаңғақ. Аптада жеті күн бар. Наурыз көже жеті түрлі тағам араластырылып, дайындалады. Жеті – Қарақшы шоқжұлдызы аспан шырақтарының атауы. Өлген адамның аруағына бағышталып жеті шөлпек пісіріліп жетісі беріледі. Садақаға жеті тиын не жеті теңге (ертедегі ақша құнымен) аталып, жоқ-жетімдерге үлестіріледі. Оған қоса, кемпірқосақта жеті түс бар. Жетіген аспабында жеті ішек бар.

ҚАСТЕРЛІ «ЖЕТІ»-ЛЕР:

1. Ай фазасы жеті күн сайын өзгереді.
2. Жарық жершарын бір секундта жеті рет айна айналып шығады.
3. Тіршілік көзі саналатын заттардың негізгі құраушысы - азот Менделеев кестесіндегі жетінші элемент.
4. Менделеев кестесіндегі элементтердің шекті валенттігі жетеу.
5. Күннен тараған жарықтың шұғыласы жеті түсті.
6. Атомдардың негізгі электрон қабаттары жетеу.
7. Адамның энергетикалық нүктелері жетеу.
8. Адамның денесі мен басын қосатын ең маңызды мүше - мойын омыртқа буындары жетеу.
9. Жаңа туған нәрестенің кіндігі жетінші күні түседі.
10. Қазақ жеті атасына дейін қыз алысып, қыз беріспейді.

Парсы тілінде «С» әрпімен басталатын жеті түрлі тағам: сомақ – жүзімнің ұнтағы, сәбзе – бидайдың жас өркені, сенжед – жиде, серке – темір теңге, сир – сарымсақ, сиб – алма.

XV ҒАСЫРҒА ДЕЙІН ХАЛЫҚТАР ҰҒЫМЫНДА

ҚАЛЫПТАСҚАН ЖЕТІ ТЕҢІЗ: 1. Жерорта теңізі, 2. Батыс Африка теңізі, 3. Қызыл теңіз, 4. Парсы теңізі, 5. Шығыс Африка теңізі, 6. Үнді теңізі, 7. Қытай теңізі.

ТАБИҒАТТЫҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ: 1. Иорданиядағы өлі теңіз. 2. Ганайдағы жанартау, 3. Бермудтың ажал теңізі, 4. Шизаның мұзды алқабы. 5. Норвегияның түні. 6. Сахараның қызыл құмы, 7. Тунгус метеорит үңгірі.

ҚИЯЛ-ҒАЖАПТЫҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ: 1. Нис көліндегі құбыжық,

2. Биік таудың қар адамы. 3. Ну ормандағы жабайы адам, 4.

Ұшқыш табақ, 5. Нұқ пайғамбардың кемесі. 6. Ғарыш адамы, 7. Жер асты құпиясы.

Жеті қат жер: тұңғиық, жылан, су, қос балық, қара тас, көк өгіз, жер.

2. Қарашаның қайтуы – қараша айы аяқталып, желтоқсанның кіруі.

3. Үркердің батуы – Үркер шоқжұлдызының мамыр айынан маусымның 10 жұлдызына дейін көкжиектен көрінбеуі.

4. Мұздың қатуы – мұздың қаймақшуы, қарашаның қары.

5. Киіктің матауы – киіктің үйірге түсуі, теке бұрқылдақ.

6. Қыс тоқсан – желтоқсан, қаңтар, ақпан айлары.

7. Ай тоғамы – Үркер мен Айдың тұстас көрінер тоғысы.

Жеті жұрт: Үрім, Қырым, Қытай, Тұран, Шам, Мысыр, Шын-Машын.

Жеті ықылым: Үндістан (Машын), Түркістан (Тұран), Хорезм, Славян, Мағұрып (Батыс), Мәшүріп (шығыс), Үрім (Кіші Азия).

Жеті әліп: ашпас әліп түсу, ақ бата алу, айтқаны келу, айтқаны тию, алысқанын жығу, абыройы арту, ақ көңіл (ниет).

Деректер Жәрдем Кейіннің «Қазақы атаулар мен байламдар» кітабынан алынды.

Гүлжан Ниязова
1-курс студенті



БАҚЫТ МЕКЕНІ

Алысқа сапарға шығып барамын... Қайда баратынымды білесіздер ме?! Бақытты іздеп бара жатырмын. -Иә дұрыс естідіңіз бақыттым қайда екенін білуге бара жатырмын. Білмеймін бірақ, мен оны іздеп табамын. Мен өлімнен кетіп бара жатырмын. Бақытты кездестіруге, ал маған жол болсын.. Ол жолға шықты, жол жүргеніне үш күн өтті. Бірде ол қатты шөлдеп есінен таңып қалды. Есін қайта жиғанында бір қараша үйде жатыр екен. Онда үстелдің үстінде томдық кітаптар, шағын үстелдің үстінде қауырсынмен ақ параққа жазу жазып отырған қарияны көреді. Ол кісі елге беделді ақ сақалды «Әулие қария» екен. Мен қуанғанан атып тұрдым да, қарияға сұрақтарымды қоя бастадым. Мен ол кісіден бақыт деген не? Оны қайдан табамын? Бақытты қалай сақтап қалуға болады? деп сұрадым. Ол менің бетіме бір қарады да былай жауап берді:

- Балам, сен мені жақсылап тыңдап ал, Бақыттың қайда тұрақтайтынын білесің бе? Білмесең мен саған жауап берейін. Бақыттың тұрақтайтын жері - ең жақсы көретін адамдарда, яғни ата-анаға құрақ ұшып қызмет ететін, бірлік пен ынтымақты және татулықты ырыс деп ұғатын жандардың қасында болады. Өзгені күндеуден кісіні міндеуден бойында барлық сабырлық жиналған жандарда, Алла Тағаланың есімін атағанда, оның есімін жаттағанда адалдан басқа татпаған ақ жүрек мейірімді жандардың жанында, Сахар тұрып, сәресін ішіп, ораза ұстайтын иманды адамның жанында, және бейбітшілікпен берекені ту еткен кісілерде тіл қатыспай-ақ ұғысып солардың жандарында Бақыт мәңгі тұрақтайды. -Ал балам өмірде бақытты күндермен қуанышты сәттердің неге тұрақсыз екенін білесің бе?

Мен сасып қалдым да: -Иә –иә –жоқ деппін, Сонда қария маған былай жауап берді: - Алла Тағала адамды жаратқанда, денесіне бір күн қуаныш, қырық күн қайғы нәсерін жаудырады екен. Бұның себебі Тәубе етуден жалықпасын деп, және шаттығын берсе, шер-мұңын да қоса берген. Әлемде жұпсыз зат жоқ. Мысалы: Күн мен түн, ақ пен қара, жақсылық пен жамандық, өлім мен өмір, сараңдықпен жомарттық, мейірім мен қатыгездік, ізгілікпен зұлымдық әлем жаралғанан бері осылардың барлығы тайталасып келеді. Ал бақыттың тұрақсыздығы адамның өзіне тікелей байланысты егер адамның ісінің берекесі жоқ болса, сөзінің келекесі көп болса, және ата-анасын сыйламайтын болса, әсіресе Аллаға зікір айтпайтын көрші ақысын жеуден қорықпайтын жандардың жанында бақыт ешқашан тұрақтамайды-деп қария өз сөзін осымен аяқтады. Ал мен бұл айтқан ақылық ескеретін боламын. Мен осы сөзін жадыма сақтап туған жеріме қайттым... Қорыта айтқанда, Бақыт ұғымын әр адам әрқалай түсінері анық. Оның себебі әркімдегі құндылықта, дүниетанымда, көзқараста жатыр. Меніңше, бақыт деген - өз болмысыңа сай болу. Жеті қат дүниедегі жаратылыстың барлығының өз мақсаты, өз қызметі, түптеп келгенде өзіне ғана тән болмысы бар. Сол болмысынан ажырамау, оны баянды ету кімді де болса бақытқа жетелейді. Демек, әр адам өз болмысына сай болса, соны мәнді, баянды ете білсе ғана шын бақытқа қауышады демекпін.

Ләззат ЖАНДАРБЕКҚЫЗЫ,
4-курс студенті

СТУДЕНТ ЖАЗБАСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІСТАН ГАЗЕТИМЕН БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ ТҮСПЕК



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында халықаралық «Түркістан» газетінің бас редакторы Қуат Әуесбай оқу ордамызға арнайы ат басын бұрды.

Аталмыш газеттің 27 жылдығына арналған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Шара барысында Қуат Әуесбай университет кітапханасына арнап кітаптар топтамасын сыйға тартты. Басқосуға оқу ордамыздың проректоры Асқар Тұрғанбаев, журналистика кафедрасының оқытушы-профессорлары мен БАҚ өкілдері, студенттер қатысты. Жиын барысында журналистика кафедрасының студенттері көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алды. Жиын соңында Қуат Әуесбай кездесуді ұйымдастыруға ұйытқы болған университет ұжымы мен Журналистика кафедрасына алғысын білдірді. Алдағы уақытта «Түркістан» газеті мен университетіміз арасында әріптестік байланыстар нығая түсетін болады. Келісім шарт аясында болашақ журналистер газет редакциясына тәжірибе алмасуға баратын болады.

Ыбрахим АМАНБАЙ,
1-курс студенті

ТҮРКИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР ТӘЖІРИБЕЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ

Түркия Республикасынан университетіміздің клиника-диагностикалық орталығына білікті дәрігерлер келіп, бауырлас елдің медицина саласындағы озық тәжірибелерімен бөлісіп, Түркістан облысы тұрғындарына күрделі оталар жасауда.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Өкілетті кеңесінің шақыртуымен келген бұл дәрігерлер өз салалары бойынша Түркияның ең танымал мамандары. Атап айтсақ, Ыстамбұл қаласы, Жеррах Паша университеті клиникасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы Харун Жансыз (ЛОП дәрігері), Газиантеп университетінің бұрынғы ректоры, профессор, медицина ғылымдарының докторы Мехмед Явуз Жошкун (педиатр дәрігер), Афион Коджа-тепе университетінің бұрынғы ректоры, профессор, медицина ғылымдарының докторы Мустафа Солак (генетик дәрігер), Ондокуз майыс университетінің бұрынғы ректоры, профессор, медицина ғылымдарының докторы Саит Билгич.

Дәрігерлер 1-8 маусым аралығында оқу ордамыздың клиника-диагностикалық орталығына тіркелген туа біткен даму ақаулары бар балаларды кезексіз тексерістен өткізді. Педиатр дәрігері Мехмед Явуз Жошкун және Насыров Сардар бүлдіршіндерді қабылдап, ата-аналарға кәсіби кеңестерін беріп, арнайы емдеу тәсілдерімен бөлісті. Сондай-ақ, церебралды сал ауруы, дауна синдромы, аутизм, тірек-қимыл жүйесі, есту, көру, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды дәрігерлік тексерістен өткізді. Жалпы саны 40-тан астам бала жоғары деңгейлі мамандардың қабылдауында болды. Профессор Мехмед Явуз Жошкун клиника-диагностикалық орталығында клиника және облыс дәрігерлеріне «Педиатриялық білім беру саласындағы жаңа жетістіктер» тақырыбында конференция жүргізді. 31 мамыр мен 11 маусым аралығында отоларинголог-дәрігер Харун



Жансыз және клиника-диагностикалық орталығының отоларингология дәрігерлері И.Дадашев пен Г.Қонысова ортаңғы құлақтың іріңді аурулары және мұрын ісіктері диагнозымен 37 науқасқа күрделі оталарды жасап, 3 науқасқа құлақ протездерін салды. Профессор Харун Жансыз «Түркістан отоларинголог дәрігерлер одағы» қатысуымен өткен конференцияда «Көмей обыры» атты ауқымды баяндама оқып, жергілікті дәрігерлердің сұрақтарына егжей-тегжейлі жауап берді. Генетик дәрігер Мұстафа Солак пен профессор Саит Билгич ХҚТУ медицина факультетінің қызметкерлерімен кездесіп, оларға «Медициналық генетикадағы жаңа әзірлемелер», «Түркия мемлекетінің жоғары білім беру жүйесіндегі медициналық білімнің орны мен негізгі ерекшеліктері» және «Медициналық анатомиядағы жаңа әзірлемелер» тақырыптарында баяндамалар оқыды. Профессор Мустафа Солак, профессор Саит Билгич және профессор Мехмед Явуз Жошкун «Әлемдегі және Түркиядағы медициналық білім берудегі жаңа жетістіктер» тақырыбында семинар өткізіп, тәжірибелерімен бөлісті.

Ағайша Алпысбаева,
1-курс студенті



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер:

Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru